

## Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 8 қазандағы № А-11/423 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 9 қарашада № 3333 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № а-4/103 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2010.04.02 № а-4/103 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестендіру мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жастарды мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы № А-6/260 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3324 болып тіркелген, 2009 жылғы 4 шілдеде «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

5-тармақтағы «ең төменгі еңбекақыдан аз емес көлемде» сөздері «ең төменгі айлық еңбекақыдан аз емес көлемде» сөздерімен ауыстырылсын;

6-тармақтағы «үшін» сөзінен кейін «айына» сөзімен толықтырылсын.

2. «Ақмола облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № А-5/236 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3322 болып тіркелген, 2009 жылғы 27 маусымда «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтағы «ең төменгі» сөздерінен кейін «айлық» сөзімен толықтырылсын ;

4-тармақтағы «трансферттердің есебінен» сөздерінен кейін «бір қатысушыға айына» сөздерімен толықтырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке** жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

А.Рау

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК